

Кепіл мүлікті бюджеттік кредит бойынша берешекті өтеу есебіне мемлекеттік меншікке айналдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1344 Қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 192-бабына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында орналасқан «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» және «Су қорларын басқару және жерді қалпына келтіру» жобалары бойынша кепіл заттары болып табылатын мүлік қарыз алушылардың бюджеттік кредиттері бойынша міндеттемелерін өтеу есебіне мемлекеттік меншікке айналдырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, бір ай мерзімде осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>С. Ахметов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2012 жылғы	24 қазандағы
№ 1344	қаулысына
қосымша	

Қарыз алушылардың тізбесі

1. «Береке» су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі.
2. «Бірлік» су пайдаланушылар қауымдастығы.
3. «Ата-су» су пайдаланушылар қауымдастығы.
4. «Мұрат» су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі.
5. «Ағын су» су пайдаланушылар қауымдастығы.
6. «Тойжан» су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі.
7. «Адамбек-су» су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі.
8. «Кетебай» су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК